

Бекітемін 
Балабақша меңгерушісі:
Баймолдина К.К.

Вариативтік компонент «Қоршаған
ортамен танысу» оқу іс-әретінің
перспективтік жоспары.
«Балдаурен» тобы 2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

«Қоршаған ортамен танысу» – оқу әдістемелік кешені «ӘЛЕУМЕТ» білім беру саласындағы «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) бойынша дайындалған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша берілген оқу материалдары (бұдан әрі – Бағдарлама) баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтікпсихологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді. Осы берілген бағдарлама бөлімінде 3–5 жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытудың мынадай мақсаты мен міндеттері анықталған: Мақсаты: балалардың қоршаған орта, адамдардың іс-әрекеті жайлы түсінігін кеңейту. Міндеттері: • балаларда жақындарына деген сүйіспеншілік сезімі, оларға қамқорлық көрсету ұмтылысы, туған еліне, қаласына деген бауырмалдық пен оның тарихына қызығушылық таныту сияқты адамгершілік сапаларды тәрбиелеу; • адам еңбегіне деген құрмет сезімін қалыптастыру, адам қолымен жасалғанның барлығына ұқышты қарауды, балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қиялын дамыту. Қазақстан Республикасы аумағында тұратын басқа ұлттың адамдарына, олардың мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне мейірімділік және құрметтілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу. «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Олар күтілетін нәтижелер түрінде берілген оқу мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде реттілікпен құрылған оқу мақсаттары педагогке жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және оларға оқудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді. № Бөлім Бөлімше 1 Мен және қоғам 1.1. Мен және менің отбасым 1.2. Менің мектебім 1.3. Мамандықтар 1.4. Көлік және байланыс құралдары 2 Туған өлкем 2.1. Туған өлке 3 Тарих беттерінен 3.1. Қазақстанның тарихи тамырлары 3.2. Өнер және мәдениет 3.3. Тәуелсіз Қазақстан Бағдарламалық мазмұнды жүзеге асыра отырып, педагог балалардың ой-өрісін заттар, адамдар және олардың еңбегі, өздері жайлы білімдермен кеңейтуі керек. Бұл міндеттерді шешу балалардың ақыл-ой қабілеттерін және тілін дамытады. Қоршаған ортамен танысу бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, отбасын, мектебін, педагогті, топтағы

балалардың аты-жөндерін тани бастайды. Мектептің ішкі құрылысымен таныстырылып, сынып бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі т.б.

айырмашылықтарын ажырата бастайды. Сонымен қатар әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды атайды. Олардың аты, не үшін қажет? неден жасаған? қайда? кімде? қандай? кім не істейді? сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйреніп, мектепте өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді. Баланың табиғатты танып-білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Сонымен қатар баланың төмендегідей білім, білік дағдылары қалыптасады: • байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атай; • белгілі батырлармен және тұлғалармен танысып, олар жайлы әңгімелей; 4 • киіз үйдің құрылысы мен жабдықтарын атау, олардың қолданыстағы икемділігін түсіндіре; • ұлттық қолданбалы өнермен танысып, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізе алады. «Қоршаған ортамен танысу» оқу-әдістемелік кешенінің құрамына тәрбиеленушілерге арналған әліппе-дәптер кіреді. Әліппе-дәптерінде берілген материалдар танымдық, зерттеушілік сипатқа ие және дидактикалық қағидаларды, яғни көрнекілік, жүйелілік, табиғатпен және күнделікті өмірмен өзара байланыстылығы ескеріле отырып берілді. Табиғат – бала бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын мол тәрбие көзі. Сондықтан табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін осы ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) арқылы бала бойына ұялатамыз. Әр ҰОҚ-да бағдарламада көрсетілген тақырыптар жан-жақты ашылады. Ол үшін әліппе-дәптерде жеткілікті түрде тапсырмалар берілді. Осы тапсырмаларды орындай отырып, қойылған мақсатқа жетеміз және берілген міндеттерді орындаймыз. Әдістемелік құралда әр ҰОҚ-ның тақырыбын ашу мақсатында бірнеше жұмыс түрлері көрсетіліп берілді. Педагог үлгі-ҰОҚ жоспарларын өзінің қалауынша толықтырып пайдалана алады. Еңбектеріңізге сәттілік тілейміз.

Вариативтік компонент
«Қоршаған ортамен танысу» оқу іс – әрекетінің перспективтік жоспары.
«Балдаурен » тобы 2022 – 2023 оқу жылы.
Аптасына 0,5 сағат, барлығы 18 сағат

р/ с	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Сағат саны
1	«Топ бөлмесіне саяхат»	Балалардың назарын топтың ішіне аудару. Топтың іші таза және әдемі екенін айту, ойыншықтардың, жиһаздың, өсімдіктердің, қоршаған орта заттарының орналасуына көңілдерін бөлу. Әр заттың өз орны бар екендігін айтып түсіндіру. Д/о «Не қайда тұр?»	1
2	«Үлкендердің еңбегі»	Үлкендердің еңбегіне деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың үйде және балабақшада, қоршаған ортаның еңбегі туралы ойларын қалыптастыру. Жеке еңбек қызметтерін танып, жаттықтыру. Сөздік қорын байыту. Д/о «Ас үй»	1
3	«Тәрбиешінің жұмыстарымен таныстыру»	Балаларға әр жеке еңбек процесін тереңірек ұғындыру, еңбек нәтижесін көруге үйрету. Тәрбиеші топта не істейтінін айтып, еңбекке баулу.	1
4	«Тәрбиеші көмекшісінің жұмысымен таныстыру»	Балаларды жеке еңбек процесстерімен тереңірек таныстыру, еңбек нәтижесін көруге үйрету. Жұмыс істеу үшін еңбек құралдары керек екендігін түсіндіріп көрсету. Сөздік қорын байыту. Д/о «Сәулені тамақтандырамыз»	1
5	«Медбике жұмысымен танысу»	Балалар жеке еңбек процесстерімен танысып, әр еңбектің жемісін көрсетіп түсіндіру. Медбике бөлмесімен танысу. «Градусник, бинт, дәрі» байлайды, «өлшейді» деген сөздер енгізу, сөздік қорына енгізу. Д/о «Емхана»	1
6	«Менің отбасым»	Балаларға анасы мен әкесі қандай жұмыс істейтіні туралы түсіндіру. Олардың жұмыстары қандай маңызды екенін көрсету. Сөздік қорын дамыту.	1
7	«Біздің ауланы тазалаушы»	Балаларды ауланы тазалаушының жұмысымен таныстыру, ол қандай жұмыс атқаратынын, еңбек нәтижесін, маңызын түсіндіру. Жаңа сөздер енгізу. (күрек, сыпырғыш, қоқыс; күрекпен күреді, сыпырғышпен сыпырады;)	1

8	«Аспазшы жұмысымен таныстыру, тамақ беретін ыдыс жасау»	Балалардың жеке еңбек процесстері туралы ойларын дамыту. Аспазшының қандай жұмыс атқаратынын, еңбек нәтижесін көрсету. Оған еңбекте қандай құралдар керектігін түсіндіріп көрсету.	1
9	«Ағаш шебершісі жұмысымен таныстыру»	Балаларды ағаш шебершінің жұмысымен таныстыру. Оны өзінің құрал-саймандарымен топқа шақыру (балға, шеге, ара т.б.). Ағайды біздің ойыншығымызды дұрыстап беруін өтіну. Балалардың тілін дамыту үшін ағаймен сөйлесіп, оның не істеп жатқанын сұрау. Сабақ соңында дұрыстаған ойыншықты қарастыру. Жиһаз деген сөзді дұрыс айтуын қадағалау. Д/о: «Ұқсас жиһазды тап»	1
10	«Топтағы жиһаздар»	Балаларды топтағы жиһаздардың құрылысын айыруға бағыттау. Пішіні, көлемі, түр-түсіне қарай айыра білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту, дұрыс айтуға үйрету.	1
11	Үй жануарлары.	Балаларға үй жануарларының неліктен үй жануарлары деп аталуын түсіндіру. Олардың аттарын дұрыс атап, төлдерінің дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Олардың бізге тигізер пайдасын айту және оларды күтіп баптауға, қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1
12	«Ойыншықтар дүкені»	Балаларды ойыншықтарды таңдап алып, пішіндерін, құрылысын, түсін, түрін атауға үйрету.	1
13	«Біз серуенге шықтық»	Қарама-қарсы әсерлерді айыра білу (киініп-шешіну, ағытып-тағу, ішінде-сыртында, байла-шеш) – деген сөздер арқылы сөздік қорларын дамыту.	1
14	Қуыршақтың бөлмесі	Балаларға жиһаз туралы білімдерін бекіту. Жиһаз бен ойыншықтардың аттарын қосып, үш – төрт сөзден тұратын сөйлем құрастыруға тілдерін жаттықтыру. «Жиһазға, ыдысқа, киімге» не жататынын анықтау. Д/о: «Ол не?»	1
15	«Өз орнына қой»	Затты пайдалану ерекшелігіне байланысты топқа топтауды үйрету (асхана және шәй ыдыстары). Д/о: «Нені қайда қоямыз?»	1

16	«Көлік»	Көлік туралы түсінік беру, олардың түрл айыра білуге үйрету (жеңіл және жүк көлік, автобус, троллейбус трамвай, поезд). Автобус пен жеңіл көлікпен адамдар жүреді, ал жүк көліктер жүк тасиды деп түсіндіру. Д/о: «Адамдар қандай көлікпен жүреді?» көлік-транспорт.	1
17	«Қуыршақты тамақтандырайық»	Затты түсіне, пішініне, аумағына қарай іріктеп, топтастыру. (Үлкен-кіші, қатты-жұмсақ, тәтті -ащы) Д/ойын: «Сәулені тамақтандырайық»	1
18	«Наубайхана»	Балалардың наубайхана жөнінде білімдерін кеңейту; наубайханашы мамандығының ерекшеліктерімен таныстыру; нан өнімдері туралы ұғымдарын жетілдіру; ойын ережелерін түсіндіру; Қазақстандағы нан өнімдерінің жетістіктері туралы түсінік беру	1

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы
Ортанғы топ «Балдаурен»**

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші сала: Қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: «Топ бөлмесіне саяхат»

Балалардың назарын топтың ішіне аудару. Топтың іші таза және әдемі екенін айту, ойыншықтардың, жиһаздың, өсімдіктердің, қоршаған орта заттарының орналасуына көңілдерін бөлу. Әр заттың өз орны бар екендігін айтып түсіндіру. Д/о «Не қайда тұр?»

Сөздік жұмыс: жиһаз, әдемі, өсімдіктер.

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Балалар сендер таңертең қайда келесіңдер?	Біз балабақшаға келеміз.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалар топтың іші қандай? Тобымызда нелер бар? Топта қандай ойыншықтар бар? Ал қандай жиһаз бар? Балалар мынау өсімдіктер. Өсімдіктерді қалай күтеміз? Д/о «Не қайда тұр?» Балалар әр заттың өз орны бар екенін айтып түсіндіреді.	Тобымыз жарық ,әдемі, кең. Тобымызда жиһаз, ойыншықтар бар. Балалар бар ойыншықтарды , жиһазды атайды. Өсімдіктерге су құйып, шаңдарын сүртеміз. Балалар ойынға белсене араласып, қай жерде не тұрғанын айтады.
Рефлексивті-коррекциялау	Балалар сендер маған айтыңдар, қуыршақтар, машиналар қайда тұрады? Балаларды мақтап – мадақтау.	Балалар ненің қай жерде екенін айтады. Балалардың көңілдері көтеріліп, қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Қай заттың қайда тұратынын **ұғынады**

Топтағы ойыншықтарды атай біледі ,оны сындырмай ойнау керектігі жайлы **түсінеді**

Өсімдіктерге күтім жасау **қолдана алады**

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Таным»

Кіші сала: Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегі»

Мақсаты: Үлкендердің еңбегіне деген қызығушылықтарын арттыру. Балалардың үйде және балабақшада, қоршаған ортаның еңбегі туралы ойларын қалыптастыру. Жеке еңбек қызметтерін танып, жаттықтыру. Сөздік қорын байыту. Д/о «Ас үй»

Билингвалдық компонент: медбике-медсестра, аспазшы-повар.

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Балалар отбастарыңдар кімдер бар?	Отбасымда анам, әкем, ағам және мен.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Суретпен жұмыс. -Балалар мынау суретте кімдерді көріп тұрсындар? -Әкелерін үйде не істейді? -Аналарың үйде не істейді? Балаларды балабақша жұмысшыларының қызметтерімен таныстыру. Ойын: «Дәрігер» Сергіту сәтін қимылмен орындайды.	Мына суретте ата, әже, әке, ананы көріп тұрмыз. Қойған сұрақтарға жауап беруге тырысып, өз ойларымен бөлісуге талпынады. Анам тамақ пісіреді, кір жуады Балабақшада тәрбиеші апайлар, тәрбиешінің көмекшісі апай бар. Балалар ойынға белсене қатысады. Сергіту сәті. Бас бармағым әкем. Балан үйрек шешем. Ортан шүбегім тәтем Жылдыр шүбегім ағам Кішкене бөбегім сен. Балалар келіп жүрген балабақшаның қызметкерлерінің жұмысымен танысады.
Рефлексивті-коррекциялау	Балабақшада кімдер бар? Дәрігер қайда болады? Балаларды мақтап – мадақтау.	Балабақшада тәрбиеші апайлар, аспазшы, дәрігер т.б.

Күтілетін нәтиже:

Балабақшаның қызметкерлері мен олардың атқаратын жұмыстарын **ұғынады**

Балабақша жұмысшылары туралы **түсінеді**

Ата-аналар үйде атқаратын қызметтерді туралы баяндай **алуы**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен» тобы

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші салаҚоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: «Тәрбиешінің жұмыстарымен таныстыру»

Мақсаты: Балаларға әр жеке еңбек процесін тереңірек ұғындыру,еңбек нәтижесін көруге үйрету. Тәрбиеші топта не істейтінің айтып,еңбекке баулу.

Билингвалдық компонент: тәрбиеші-воспитатель

Сөздік жұмыс: тәрбие, тәрбиеші.

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	«Балалар тілегі»-топтық жиын. Балалардың назарын тақтаға аудару.	Балалар бір-бірімен амандасады.
Ұйымдастырушы -лық ізденіс	Суретпен жұмыс. -Балаларға тәрбие мен тәрбиеші жайлы түсінік беру. -Балалар, тәрбиеші балаларды тәрбиелейді, (өз-өзіне қызмет көрсетуге,ұқыптылыққа, жеке жқмыстар жасау,а) біз , сіздердің тәрбиешілер сіздерді үйретеміз Сергіту сәтін қимылмен орындайды. Д/о:«Мамандықтың бәрі жақсы?» Мақсаты: мамандықтардың жұмыстарын жұмыстарын ерекшеліктерін танып, еңбекьерін бағалауға тәрбиелеу. Балаларға сұрақ-жауап қойып,олардың түсініктерін бекіту.	-Балалар суреттермен жұмыс істей бастайды. Балалар мұқият тыңдайды. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық Алақанды соғайық Бір отырып,бір тұрып Біз тынығып алайық Балалар ойынға белсене араласады.
Рефлексивті- коррекциялау	Тәрбиеші кім?	Балалар сұраққа жауап береді. Балалар ұйымд оқу іс- әрекетіне өте риза болды.

Күтілетін нәтиже:

Тәрбиеші топта не істейтінін **ұғынады**

Балаларға әр жеке еңбек процесін **ұғыну** жайлы **түсінеді**

Еңбекке баулу **қолданады**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші сала: Қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: «Тәрбиеші көмекшісінің жұмысымен таныстыру»

Мақсаты: Балаларды жеке еңбек процесстерімен тереңірек таныстыру, еңбек нәтижесін көруге үйрету. Жұмыс істеу үшін еңбек құралдары керек екендігін түсіндіріп көрсету.

Сөздік қорын байыту. Д/о «Сәулені тамақтандырамыз»

Билингвалдық компонент: Суреттер

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	«Балалар тілегі»-топтық жиын. Балалардың назарын тақтаға аудару.	Балалар бір-бірімен амандасады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Суретпен жұмыс. -Балаларға тәрбиеші көмекшісі жайлы түсінік беру. -Балалар, тәрбиеші көмекшісінің жұмысымен таныстыру Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық Алақанды соғайық Бір отырып,бір тұрып Біз тынығып алайық д/о:«Мамандықтың бәрі жақсы?» Мақсаты: мамандықтардың жұмыстарын жұмыстарын ерекшеліктерін танып, еңбекьерін бағалауға тәрбиелеу. Балаларға сұрақ-жауап қойып,олардың түсініктерін бекіту.	-Балалар суреттермен жұмыс істей бастайды. Балалар мұқият тындайды.
Рефлексивті-коррекциялау	Сұрақ-жауап	Балалар сабаққа өте риза болды.

Күтілетін нәтиже:

Еңбек нәтижесін көруге үйрете **ұғынады**

Әр жеке еңбек процесін тереңірек ұғымы туралы **түсінеді**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен» тобы

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші сала:Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: «Медбике жұмысымен танысу»

Мақсаты: Балалар жеке еңбек процесстерімен танысып, әр еңбектің жемісін көрсетіп түсіндіру. Медбике бөлмесімен танысу. «Градусник, бинт, дәрі» байлайды, «өлшейді» деген сөздер енгізу, сөздік қорына енгізу .

Д/о «Емхана»

Билингвалдық компонент: суреттер, әдістемелік нұсқаулар

Сөздік жұмыс : градусник, бинт, дәрі, байлайды, өлшейді.

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Балалар біз медбике бөлмесіне барамыз.	Балалар қуанады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	-Балалар медбикемен әңгімелеседі. Медбике адамдарды емдейтінін айтады.Ауырған мүшелерді жазады. Емдік пайдасы бар дәрілер береді , укол салады. Егер адамның қызуы көтерілсе, градусникпен өлшейді, аяғын немесе басқа жерлерін ауыртып алса, бинтпен таңады., ал балалар салмағымен бойының ұзындығында өлшейді. Топқа оралу. Сөздік жұмыс:градусник, бинт, дәрі, байлайды, өлшейді. Сергіту сәтін орындату. -Медбике не істейді? Сонымен қатар медбике тазалықты да байқайды. Сюжеттік-рольдік Д/о «Емхана»	Балалар медбике қызмет орындарымен танысады. Қойған сұрақтарға жауап беруге тырысып,өз ойларымен бөлісуге талпынады. Медбике ауру, сырқаттарды емдейтінін түсінеді.. Медбике-медсестра Балалар топқа оралады. Сөздік жұмыс:градусник, бинт, дәрі, байлайды, өлшейді. – қайталату. Сергіту сәтін орындайды.. Бас бармағым әкем. Балан үйрек шешем. Ортан шүбегім тәтем Жылдыр шүбегім ағам Кішкене бөбегім сен. Балалар ойынға қатысады.
Рефлексивті- коррекциялау	Медбике не істейді? Балаларды мадақтап, бағалау.	Балалардың сұраққа жауаптары..

Күтілетін нәтиже:

Медбикенің атқаратын жұмысын ұғынады

Медбике қызметінің маңыздылығы туралы түсінеді

Градусник, бинт, дәрі, байлайды, өлшейді - деген сөздерді қолданады

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен» тобы.

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші сала: Қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: Балаларға анасы мен әкесі қандай жұмыс істейтіні туралы түсіндіру. Олардың жұмыстары қандай маңызды екенін көрсету. Сөздік қорын дамыту.

Сөздік жұмыс: Отбасы деген сөздің мағынасын ашу

Билингвалдық компонент: әке-папа; ана-мама; отбасы-семья;

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	«Балалар тілегі»-топтық жиын. Қандай жақсы бір тұру Достарыммен бір жүру Қайырлы күн, Жер-Ана Қайырлы күн достарым	-Балалар бір-бірімен амандасады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Суретпен жұмыс. Балалар мынау суретте кімдерді көріп тұрсындар? Ата, әже, ана, әке,аға, әпке. Балалар сұрақтарға жауап беріп тілдерін жаттықтырады. Сергіту сәті. Бас бармағым әкем. Балан үйрек шешем. Ортан терек ағам Шылдыр шүмек апам Кішкене бөбегім мен.	-Балалар суреттермен жұмыс жасайды. -Балалар қойған сұрақтарға жауап беруге тырысады, өз ойларымен бөлісуге талпынады. -Сергіту сәтін қызыға жасайды.
Рефлексивті-коррекциялау	Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Мақтау, мадақтау.	Алған білімдеріне риза болады.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлауды **ұғынады**

Анасы мен әкесі қандай жұмыс істейтіні туралы **түсінеді**

Отбасындағы адамдарды құрметтеу **қолынан келу**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет »

Кіші сала: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Біздің ауланы тазалаушы»

Мақсаты: Балаларды ауланы тазалаушының жұмысымен таныстыру, ол қандай жұмыс атқаратынын, еңбек нәтижесін, маңызын түсіндіру. Жаңа сөздер енгізу. (күрек, сыпырғыш, қоқыс; күрекпен күреді, сыпырғышпен сыпырады;)

Билингвалдық компонент: аула тазалаушы-дворник

Сөздік жұмыс: күреді, сыпырады;

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Балалар, сендер мамаларына үйдің ішін жинастыруға көмектесесіңдер ме? Ал біздің ауланың тазалығын қарап жүретің кім екенің білесіңдер ме?	Балалар өз ойларын, түсініктерін айтуға тырысады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалардың назарын тақтаға аудару. Суретпен жұмыс. Балалар, мына суретте не көріп тұрсыңдар? Балаларға түрлі мамандықтар бар деп түсіндіру. Аула тазалаушының қызметін түсіндіру. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз Алақанды соғамыз Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып аламыз. Д/о «Не артық»	Тақтаға мұқият қарайды. Суретпен жұмыс жасайды. Тыңдап өз ойларын айтады. Сергіту сәтін қимылмен жасайды. Ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті-коррекциялау	Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Мақтау, мадақтау.	Балалар өте риза болады.

Күтілетін нәтиже:

Аула тазалаушының кім екенін ұғынады

Аула тазалаушының жұмысы туралы түсінеді

Әр мамандық иесін құрметтеуді қолынан келу

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ: «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші саласы: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Аспазшы жұмысымен таныстыру, тамақ беретін ыдыс жасау»

Мақсаты: Балалардың жеке еңбек процесстері туралы ойларын дамыту. Аспазшының қандай жұмыс атқаратынын, еңбек нәтижесін көрсету. Оған еңбекте қандай құралдар керектігін түсіндіріп көрсету.

Билингвалдық компонент: аспазшы-повар;

Сөздік жұмыс: Аспазшының кім екенін түсіндіру;

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Есік қағылып күшік қонаққа келеді.Қолында дәмді тамақтар.Оны кі жасайды екен? Көмектесеміс.	Балалар көріп, қуана қарсы алады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалар назарын тақтадағы слайдқа аударту. Бұл кім деп ойлайсыңдар? Бұл аспазшы апай тамақ пісіреді. Асханада аспазшы апай тамақ пісіреді. Аспазшы тамақты дәмді етіп пісіреді. Тамақтарға тоқталу. Сергіту сәті. Ал, балалар тұрайық Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. Д/о «Бір сөзбен ата»	Балалардың назары тақтаға ауады. Аспазшы Сергіту сәтін қимылмен қайталайды. Ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті-коррекциялау	Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Барлық балаларды мадақтау.	Балалар риза болады.

Күтілетін нәтиже:

Аспазшының еңбегін бағалауды ұғынады
Аспазшы туралы түсінеді
Мамандық иелерін құрметтеу қолынан келу

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің**технологиялық картасы****Ортанғы тобы «Балдаурен»****Білім саласы:** «Әлеумет»**Кіші сала:** Қоршаған ортамен таныстыру**Тақырыбы:** «Ағаш шебершісі жұмысымен таныстыру»

Мақсаты: Балаларды ағаш шебершісінің жұмысымен таныстыру. Оны өзінің құрал-саймандарымен топқа шақыру (балға, шеге, ара т.б.). Ағайды біздің ойыншығымызды дұрыстап беруін өтіну. Балалардың тілін дамыту үшін ағаймен сөйлесіп, оның не істеп жатқанын сұрау. Сабақ соңында дұрыстаған ойыншықты қарастыру. Жиһаз деген сөзді дұрыс айтуын қадағалау.

Д/о: «Ұқсас жиһазды тап»**Билингвалдық компонент:** мебель-жиһаз**Сөздік жұмыс:** жиһаз

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Қонаққа суреттер келеді.	Балалар көріп, қуана қарсы алады.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалардың назарын интерактивтік тақтаға аудару. Суретпен жұмыс. Балаларды ағаш шебершісінің жұмысымен таныстыру. Оны өзінің құрал-саймандарымен топқа шақыру (балға, шеге, ара т.б.). -Балалар мынау не? Жиһаздар әр түрлі және әр түсті болады. Жиһаздардың көлемі әр түрлі болады. -Мынау қандай жиһаз? -Үстелдің көлемі қандай? -Ал түсі қандай? Сергіту сәті: Тік ұста бойынды Жоғары соз қолынды. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. Әр баладан қандай жиһаз түрін білетінін сұрау. Ол жиһаз түрінің көлемін, түсін сұрау.	Балға, шеге, ара сөздерін қайталайды. Суреттерге қызығып қарайды. -Жиһаздар. -Үстел. -Шаршы -Сары Қыймылды орындайды. Қойған сұрақтарға жауап беруге тырысады.
Рефлексивті-коррекциялау	Сұрақ –жауап арқылы қорытындылау. Балалардың әр қайсысын мақтау.	Балалардың көңілін көтеру.

Күтілетін нәтиже:

Ағаш шебершісінің жұмысын ұғынады

Жиһаз түрлері туралы түсінеді

Сұрақ –жауап әдісін қолданады

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші саласы: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Топтағы жиһаздар »

Мақсаты: Балаларды топтағы жиһаздардың құрылысын айыруға бағыттау. Пішіні, көлемі, түр-түсіне қарай айыра білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту, дұрыс айтуға үйрету.

Билингвалдық компонент: мебель-жиһаз

Сөздік жұмыс: Ағаш шебершісі

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Балалар бізге бүгін ағаш шебершісі қонақ келді.	Балалар қуанады. .
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалармен топтағы жиһаздар туралы әңгіме жүргізу. Бөлмеде қандай жиһаз көріп тұрсыңдар? Балалардың назарын интерактивтік тақтаға аудару. Бұл жиһазды балалар ағаш шебершісі жасады. Суретпен жұмыс. Балалар мынау не? Жиһаздар әр түрлі және әр түсті болады. Жиһаздардың көлемі әр түрлі болады. Мынау қандай жиһаз? Үстелдің көлемі қандай? Ал түсі қандай? Сергіту сәті: Тік ұста бойыңды Жоғары соз қолыңды. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. Әр баладан қандай жиһаз түрін білетінін сұрау. Ол жиһаз түрінің көлемін, түсін сұрау. Д/ойын. «Кім тез атайды?» Шарты: балаларға жиһаздарының суретін көрсету.	Балалар атайды. Жиһаздар Үстел Дөңгелек Сары Қойған сұрақтарға жауап беруге тырысады. Жиһаздарды атайды.

Рефлексивті- коррекциялау	Сұрақ –жауап арқылы қорытындылау. Балалардың әр қайсысын мақтау.	Балалардың көңілін көтеру
--------------------------------------	---	---------------------------

Күтілетін нәтиже:

Жиһаз түрінің аттарын **ұғынады**

Жиһаз туралы **түсінеді**

Пішінің, көлемін, түр-түсін **айта алады**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші саласы: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: Үй жануарлары.

Мақсаты: Балаларға үй жануарларының неліктен үй жануарлары деп аталуын түсіндіру. Олардың аттарын дұрыс атап, төлдерінің дыбыстарын ажырата білуге үйрету. Олардың бізге тигізер пайдасын айту және оларды күтіп баптауға ,қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Билингвалдық компонент: бұзау – теленок, бота – верблюжонок, құлын – жеребенек, лақ – козленок, қозы – ягненок

Сөздік жұмыс: мөңірейді,кесенейді,маңырайды,үреді,мияулайды.

Көрнекіліктер: үй жануарлардың және төлдердің суреттері,жұмсақ ойыншықтар

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеп талаптану	Балалар бізге қонаққа “Бауырсақ” ертегісінен домалап, домалап бауырсақ келіпті,- дейді тәрбиеші. - Сәлеметсіз бе.	Сәлеметсіз бе.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Интерактивтік тақтаға назарларын аудару . -Қандай үй жануарларын білесің? -Неге үй жануарлары дейміз? -Үй жануарлары немен қоректенеді? Балалар үй жануарларын күту керек, оларға жем беру керек, шөп беру керек. Үйде бағылып,еті,сүті,жүні терісі,күші арқылы адамға пайда келтіретін жануарды үй жануарлар дейміз. Сиыр,ешкі,түйе,жылқы, қой,жануарларының төлдері болады. Сиырдың төлін бұзау деп атайды. Жылқының төлін құлыншақ деп атайды. Қойдың төлін қозы деп атайды. Ешкінің төлін лақ деп атайды.	Балалардың назары тақтада болады -сиыр, қой, түйе т.б. -үйде тұрады -шөп жейді Балалар қайталайды. Бұзау. құлыншақ қозы. лақ

	Түйенің төлін бота деп атайды. Иттің төлін күшік деп атайды Мысықтың төлін марғау деп атайды Үй жануарлардың пайдасы туралы айтып береді - Сиыр бізге сүт береді. - Ат (жылқы) ет береді. - Қой мен ешкі жүн береді. - Адамдар жүннен шұлық тоқиды, киім тігеді - Біз сөйлей аламыз, ал жануарлар тек дыбыс бере алады. -Сиыр мөңірейді «му», Қой маңырайды Жылқы кесенейді Мысық мияулайды «Мияу» Ит-үреді «гаф-гаф» Ендеше балалар мен сендермен ойын ойнағы келіп тұр. Ойын:«Жануарлардың дыбыстарын тап» Сергіту сәті: Құлыншағым, құлыншақ Болшы маған қуыршақ Құлыншағым, құлыншақ, Әр нәрсеге ұрыншақ Дидактикалық ойын: «Төлін тап» - Балалар, мына жерге қарайықшы біздің үй жануарларымыз жайылымға шыққан еді бірақ төлдерінен ажырап қалыпты оларға төлдерін табуға көмектесеміз бе?	бота. күшік марғау Балалар мұқият тындайды. Сүт береді, ет береді. Ет береді, қымыз береді. Жүн береді Балалар қуанады. Музыканы тыңдап дыбысын табады. Балалар ойынға қатысады. Балалар сергіту сәтін орындайды. Балалар үй жануарларының баласын суреттен тауып, атын атайды, үлкен суреттің қасына қояды.
--	---	--

Рефлексивті- коррекциялау	- Біз не туралы айттық? - Қандай үй жануарларын білеміз? - Дұрыс, балалар. Сендер жақсы ойнадыңдар.. Бауырсақ сендерге күліп қарап отырды, сендерге әкелген сыйлығы бар екен (тәрбиеші қоржынды көрсетеді). - Мына қоржынға қараңдаршы бір-бірден салып ішінен сыйлығын алыңдар.	Үй жануарлары туралы Сиыр, жылқы, қой, ешкі,ит,мысық - Рахмет!
	- Бауырсаққа рахмет айтуды ұмытпаңдар.	

Күтілетін нәтиже:

Үй жануарларының неліктен үй жануарлары деп аталуын **ұғынады**

Үй жануарларының тигізер пайдасы туралы **түсінеді**

Олардың аттарын дұрыс атап, төлдерінің дыбыстарын ажырата **алады**.

Билингвалдық компонент: дүкен - магазин

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Айтқаныңнан шықпайды. Балалар сендер ойыншықтар дүкеніне барғыларын келеді ме? Ендеше біз автобуска отырып ойыншықтар дүкеніне барамыз.	Бірге қайталап айтады. -Иә.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Ойыншықтар дүкенінде нелер болады? Ғажайып сәт. -Балалар, мына шарға байланған не екен? Өзі әдемі, бәрімізді таңғалдырып тұр. Балалар, қарандаршы шардың өзі де сиқырлы екен. Шардың құпиясын ашу үшін мына тұрған хатты оқиын. Құпиясы қандай екен. «Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен сендерге ойыншықтар елінен көптеген тапсырмалар жібердім. Егер осы тапсырмаларды орындасаңдар, сендерге сыйлықтар беремін.» Балалар, қарандаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар! Балалар ойыншықтарды бірнеше түрге бөлеміз: қатты, жұмсақ, резеңке. Қатты ойыншықтарға машина, ұшақ, пойыз, ал жұмсақ ойыншықтарға аю, қоян, түлкі жатады. Резеңке ойыншықтардың қаттысы	Ойыншықтар дүкенінде ойыншықтар болады. Қызығушылықпен қарайды. Мұқият тыңдайды. -Қатты, жұмсақ, резеңке түрі болады. Қатты ойыншықтар: ұшақ, машина. Жұмсақ ойыншықтар: аю, қоян. Резеңке ойыншықтар: үйрек, доп.

	да жұмсағы да болады. Мынау қандай ойыншық? Балалар доптың пішіні қандай? -Түсі қандай? Допты ұрсақ, не істейді? Кәне барлығымыз допша секіреміз. Сергіту сәті: Ойын «Түсін ата». Шарты: ойыншықтарды көрсеткенде, олардың аттарын, түстерін жылдам айту керек. -Ойыншықтарды сындырмай ойнау керек. Ойыншық сынса, бізге қауіпті. Сынған ойыншықтармен ойнауға бола ма? Балалар шарға байланған аюдың сөмкесін ашып көрейік. Балалар ашылмай жатыр. Бұл да сиқырлы екен. Сөмкесін ашу үшін ойыншықтар туралы тақпақ айту керек. Аю сендерге әртүрлі ойыншықтар сыйлыққа әкеліпті.	-Доп. -дөңгелек. - Қызыл. - Секіреді. Аю, қоян, жолбарыс. Арыстан мен піл, барыс- Ойыншықтар тұрындар. Ойын- сауық құрындар. Болмайды, сынған ойыншықпен қолымызды т.б. жерімізді жарақаттап алуымыз мүмкін. Аю отыр парта да Екі қолы қалтада, «А» деді- «Б» деді- «Р-ға» тілі келмеді.
Рефлексивті- коррекциялау	Балалар «Ойыншықтар дүкенінде» сендерге ұнады ма?	- Иә

Күтілетін нәтиже:

Ойыншықтардың атын, түрін, түсін көлемін ажырата

Ойыншықтар және олардың неден жасалатыны туралы

Ұқыпты ойнау

ұғынады

түсінеді

қолдарынан келеді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің

технологиялық картасы

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші сала:Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Біз серуенге шықтық »

Мақсаты: Қарама-қарсы әсерлерді айыра білу (киініп- шешіну, ағытып- тағу, ішінде- сыртында, байла- шеш) –деген сөздер арқылы сөздік қорларын дамыту.

Билингвалдық компонент: киіну – одевать, шешіну-раздевать, ағытып-развязывать, тағу- застегивать.

Сөздік жұмыс:

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балаларды сабаққа икемдеу. Көңіл- күйлерін көтеру. Балалармен шеңберге тұрып, жылы-жылы лебіздер бір- бірлеріне білдіру.	Балалар бір-біріне жылы-жылы сөздер айтады.
Ізденіс- ұйымдастырушы	Балалардың назарын интерактивті тақтаға аудару. Балалар, жан-жақтарында не өсіп тұр? Балалар, енді айтыңдаршы, мынау гүлдің қай түрі? Анау ұшып бара жатқан қандай құс? Ағаштағы жапырақтың түсі қандай? Сергіту сәті: Бала,бала, балақан! Қәне, қайсы алақан? Саусақтарын әйбат Былай, былай ойнат. Д/о: Өз үйінді тап.	-Балалар назарларын тақтаға аударады. -ағаштар, шөптер, гүлдер. -түймедақ, раушангүл. -қарға. -жасыл.
Рефлексивті- коррекциялау	Балаларды мадақтау.	Балаларға сабақ өте ұнады

Күтілетін нәтиже:

Қарама-қарсы әсерлерді айыра білуді **ұғынады**.

Киініп- шешіну, ағытып- тағу, ішінде- сыртында, байла- шеш –деген сөздерді **түсінеді**

Киініп- шешіну, ағытып- тағу, байла- шеш –деген сөздерді **қолданады**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші сала: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы:Қуыршақтың бөлмесі

Мақсаты: Балаларға жиһаз туралы білімдерін бекіту. Жиһаз бен ойыншықтардың аттарын қосып , үш –төрт сөзден тұратын сөйлем құрастыруға тілдерін жаттықтыру.

«Жиһазға,ыдысқа,киімге» не жататынын

анықтау.Д/о: «Ол не?»

Билингвалдық компонент: қуыршақ-кукла, бөлме-комната

Сөздік жұмыс: жиһаз

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Қуыршақ қонаққа келеді.	Балалар қуана қарсалады.
Ізденіс- ұйымдастырушы	Ғажайып сәт: Қуыршақ Айгүл қонаққа келеді. Ол балалармен амандасады. Тәрбиеші: -Балалар бізге Айгүл қонаққа келді оны құрметтеп бөлмеге апарайық. Сұрақтар: -Қуыршақтың бөлмесінде не бар? -Кереует не үшін керек, теледидар ше? -Үстел мен орындық не үшін қажет? -Жарайсыңдар балалар! Бұлардың бәрі жиһаздарға жатады. Сергіту сәті. Қуыршақ қоштасып,рахметін айтып, ризашылығын білдіреді.	Қуыршақты бөлмеге апарды. Үстел,орындық,кереует,теледидар бар. Ұйықтау үшін керек. Сурет салу үшін керек. Сергіту сәтін жасайды. Қуыршақпен қоштасады.
Рефлексивті- коррекциялау	Сұрақ- жауап арқылы қортындылау. Балаларды мақтап-мадақтау.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Жиһаз туралы **ұғынады**

Жиһаз туралы **түсінеді**

«Жиһазға,ыдысқа,киімге» не жататынын анықтай **алады.**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші сала: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Өз орнына қой»

Мақсаты: Затты пайдалану ерекшелігіне байланысты топқа топтауды үйрету (асхана және шәй ыдыстары).

Д/о: «Нені қайда қоямыз?»

Билингвалдық компонент: асхана – столовая, шәй ыдыстары - чайные блюда

Сөздік жұмыс: дастархан

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар сендер қандай ыдыстарды білесіңдер?	Балалар өздері білетін ыдыстарды атайды.
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балаларға ыдыстарды көрсетіп атату. Ыдыстар не үшін керек? Ал шәйге қандай ыдыстар қажет? Ойыншық ыдыстарды алып қуыршақ Сәулені қонаққа шақыру. Оған дастархан әзірлеу. Әр ойыншықты ойнап болғасын орнына қоюды үйрету. Сергіту сәті. Д/о: «Нені қайда қоямыз?»	Балалар ыдыстарды атайды. Сұрақтарға жауап береді. Балалар шәй ыдыстарын атайды. Қуыршақ Сәуленің келгеніне балалар қуанады. Оған дастархан әзірлеуге тырысады. Тамақ ішіп болған соң өз орнына қояды. Орнымыздан тұрайық Алақанды соғайық Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексивті-коррекциялау	Қандай шәй ыдыстарын білесіңдер? Балаларды мадақтау.	Шәйдің ыдыстарын атайды. Балалар қуанады.

Күтілетін нәтиже:

Заттарды бір-бірімен топтастыруды **ұғынады**

Ыдыстарды ажыратуды **түсінеді**

Дастархан әзірлеу үшін шәй ыдыстарды **қолданады**

Ұйымдастырылған оқу қызметінің**технологиялық картасы****Орталық тобы « Балдаурен»****Білім саласы:** «Әлеумет»

Жаратылыстану

Тақырыбы: «Көлік»**Мақсаты:** Көлік туралы түсінік беру, олардың түрлерінайыра білуге үйрету (жеңіл және жүк көлік, автобус, троллейбус
трамвай, поезд). Автобус пен жеңіл көлікпен адамдар жүреді, ал жүк көліктер жүк
тасиды деп түсіндіру.**Д/о:** «Адамдар қандай көлікпен жүреді?»

көлік-транспорт.

Сөздік жұмыс: жеңіл, ауыр.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық –лептік	Балалар сендер қайда келіп жүрсіндер? Балабақшаға немен келесіндер?	Балабақшаға. Жаяу ,машинамен.
Ұйымдастық –ізденістік	1.Әңгіме жүргізу -Көліктер әуеде, суда, жерде жүретін болып үшке бөлінеді. Әуе көліктеріне ұшак, зымыран, ал су көліктеріне кеме, қайық, ал жер көліктеріне машина, автобус, трамвай, троллейбус, пойыз жатады. Бұл көліктердің бәрін арнайы мамандар жүргізеді. Көліктің пайдасы адамның уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Балалар, сендер балабақшаға келу үшін қандай көлікке мінесіндер? Ата-аналарыңның машиналарының маркаларын (аттарын) білесіндер ме? Көліктердің адамдарға пайдалы жағы да, зиянды жағы да бар. Адамға пайдасы қалай деп ойлайсындар? Пайдасы: адам баратын жеріне тез жетеді. Зиянды жағы: көліктерден бөлініп шығатын газдар мен түтіндер ауаны ластайды. Ауаны тазарту үшін жыл сайын көктемде ағаштар, гүлдер отырғызылады. 2.Жұмбақ жасыру. Құстан аумайды, Көкте зулайды. Ол не? Сергіту сәті: Үлестірмелі материалдармен жұмыс. «Көліктер»	Әуе көліктері. Су көліктері . Жер көліктері. Автобус, машина. Джип, тайота, мерседес т.б. Машинамен жүреміз, отырамыз, қыдырамыз т.б.

	Берілген тапсырмадағы автобустың дөңгелегін орналастыру. -Жүк көліктер жүк тасыса, екіншісі адам тасиды. Адам таситын көліктің түрі- автобуспен жақын танысамыз. Автобус қандай көлік? Түсі қандай екен? -Автобус- адамдарды тасуға арналған көлік. Автобустың көлемі қандай? -Терезелері көп. Есіктері екеу. Отыратын жері жұмсақ. Өте ыңғайлы. Күн ыстық кезде төбесін, терезелерін ашуға болады. Автобусқа отырған кезде айғалап сөйлеуге болмайды, ал жолда тәртіп сақтау- кез келген жаяу жүргіншінің міндеті. Ойын «Көңілді пойыз». Шарты: Балаларды қатарға тұрғызып, бірінің бірі ұстап, бір қатармен пойыздың дыбысын салып жүргізу.	Ұшақ. Адамдар таситын көлік. Сары. Үлкен.
Рефлексивті – тузетуші	Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы пысықтау.	Балалар жауап беруге тырысады.

Жеңіл және жүк көліктерді айыруды **ұғынады**
Көліктердің әр қайсысының не үшін керектігін **түсінеді**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің
технологиялық картасы**

Ортанғы тобы «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет »

Кіші сала: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Қуыршақты тамақтандырайық»

Мақсаты: Затты түсіне, пішініне, аумағына қарай іріктеп, топтастыру. (Үлкен-кіші, қатты-жұмсақ, тәтті -ащы)

Д/ойын: «Сәулені тамақтандырайық»

Билингвалдық компонент: Үлкен, кіші, қатты, жұмсақ, тәтті,ащы.

Сөздік жұмыс: Ыдыс,тағам

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалармен сәлемдесіп,олардың назарын шай ішіп отырған қыз бейнеленген суретке аударады. -Балалар ,суреттен не көріп тұрсындар? -Иә,қыз бала шай ішіп отыр. Үстелде тұрған заттардың аттарын айтайық. -Мынау – нан,шай,қант,тәрелке,шәйнек, кесе.Нан,қант,шай тағамдар деп аталады.Кесе,шәйнек,тәрелке ыдыстар деп аталады. Дыбыстық жаттығуы. Ыс-ыс-ыдыс. Ғам-ғам-тағам Осы сөздерге сөздік жұмысы жүргізіледі.Балаларға қайталатады. Ыдыстарға тағамдар салынады. Ыдыстардың түрлерін,үлкен-кішілігін сұрайды.Қандай нан,шай екенің сұрайды.Ақ ,қара,тәтті деген сөздерді айқызады.Топтағы ойыншық ыдыстарды әкелулерін сұрайды.Олармен ойнайтындарын айтады.	Балалар суретке көңіл аударады. Сұрақтарға қуана жауап береді. Аттарын айтуға талпынады.Ыдыстар мен тағамдарды ажыратуға,білуге тырысады. Сөздерді қайталайды. Қандай? сұрағына дұрыс жауап беруге ұмтылады. Ойыншық ыдыстарды қуана әкеледі.

Ізденіс- ұйымдастырушы	Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақ Сәуле келеді. -Балалар,Сәуле бізге қонаққа келді.Қазақ –қонақшыл халқыпыз. Қонақты күтуді,сыйлауды білуіміз керек.Кане,Сәулеге шай жасайық деп ұсыныс жасайды.Қантты,нанды тәрелкеге,шайды шәйнекке салып,шай дайындап,кесеге құямыз,-деп айтып,үйретіп отырады. Балалар тағамдарды ыдыстарға салып,үстелге қойып,Сәулені үстелге шақырады. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Аяқты нық басамыз, Бір отырып,бір тұрып, Біз тынығып аламыз. Қолымызды жуамыз, Алжапқышты байлаймыз. Дастарқанды жасаймыз, Ыдыстарды қоямыз. Қамқоршы бала боламыз. 1.Д/Ойын:«Дұрыс көрсет.ажырат!» Тағамдар мен ыдыстардың суреттері таратылып беріледі. Атын атағанда тез көрсетуі және ол тағам ба,ыдыс па – дұрыс ажыратуы керек. 2.Д/ойын:«Не артық?» Суреттен артық затты табады.	Сәуленнің келгеніне қуанады. Балалар қонақ күтуді үйренеді. Балалар қимыл-қозғалыстар жасайды. Ойынды қуана ойнайды. Тағам және ыдыстарды ажыратады. Заттың атын атап,артық затты табуға тырысады.
Рефлексивті- коррекциялау	Сұрақтар беріп,оқу іс-әрекетін қортындылайды. Дұрыс айта алмаған балаларға көмектеседі.	Балалар қонақ күтуді үйренеді,біледі.

	Белсенділік танытқан балаларды мадақтайды.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:
Затты түсіне, пішініне, аумағына қарай іріктеп, топтастыруды **ұғынады.**
Тағам мен ыдыстар турулы **түсінеді**
Қуыршаққа дастархан жасауды **қолдаранан келеді**

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің

технологиялық картасы

Ортанғы топ «Балдаурен»

Білім саласы: «Әлеумет»

Кіші сала: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Наубайхана»

Мақсаты: Балалардың наубайхана жөнінде білімдерін кеңейту; наубайханашы мамандығының ерекшеліктерімен таныстыру; нан өнімдері туралы ұғымдарын жетілдіру; ойын ережелерін түсіндіру; Қазақстандағы нан өнімдерінің жетістіктері туралы түсінік беру.

Билингвалдық компонент: асхана – столовая, шәй ыдыстары - чайные блюда

Сөздік жұмыс: дастархан

Іс-әрекет кезеңдері.	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
I кезең-мотивациялық қозғаушы	Балаларға «Гүл,ағаш,жеміс»ойыны. Балаларға санамақ айтуды ұсынамын: «Гүл,ағаш,жеміс;гүл,ағаш,жеміс»деп,балалар кезекпен жалғастырады.Санамақ тоқтаған кезде,бала тез арада жемістің,не ағаштың,не гүлдің атаын айту керек.	Атаулар қайталанбау керек.Атау дұрыс болса,ойын жалғасады.Бала уақытты созып алса,не дұрыс, атамаса, ойыннан шығады. Ойын әрі қарай жалғасады.
II кезең-ұйымдастырушылық ізденушілік	Балаларға нан туралы әңгімелеймін.нан-адал дос.Нанды жерге тастауға,аяқпен басуға болмайды.Оны қадірлей керек. Өйткені нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. -Нан қандай ас? -Нанды қалай қастерлейді? -Бүгінгі әңгіме нанның біздің дастарқанымызға қалай келетіні туралы болмақ. -Нанды қазақ халқы өте қастерлеп, ардақтаған,нан туралы шендік сөздер өте көп.Сендерге нанға қатысты қандай мақал-мәтел,тыйым сөздер білесіңдер? Сергіт сәті: Нан қиқымын шашпаңдар! Жерде жатса баспаңдар! Теріп алып қадірлер! Торғайларға тастаңдар! Балаларға әңгіме оқып беремін. «Нанды қадірлейік». Кейбір балалар нанды тойғанынша жеп,	Балалар педагогті тыңдайды. -адал дос. -нанды баспайды,жерге тастамайды,қолын жумай ұстамайды. Балалар мақал-мәтел,тыйым сөздерді айтады. -Ас атасы-нан,нан атасы-дән. -Нанды бір қолмен үзбе. -Нан қиқымын басуға болмайды. Балалар сергіту сәтін қимылмен көрсетеді. Балалар әңгімені тыңдап, талдайды.

	қалғанын лақтырып тастайды.Бұл дұрыс емес.Нан еңбекпен табылады. Диқандар көктемде жерге тұқым себеді. Одан егін шығады,оны жаз бойы күтіп-баптайды.Күзде астықты комбайнмен орып алады.Жүргізушілер астықпен машинамен астықты астық қабылдау орындарына жеткізеді.Бидайдан ұн дайындайды.Ұннан неше түрлі нан пісіреді.Мұнын бәрі-адам еңбегі. Сондықтан да оны қадірлеуіміз керек. -Бидай неден өсіп шығады? -Күзде дайын болған өнімді қалай атайды? -Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар. -Суретте нелер бейнеленген? -Бұларды бір сөбен қалай атайды? -Дәнді дақылдардың ішінде қайсы түрінен бидай тартылып,нан пісіріледі? Сендердің аналарың үйлерінде ұннан тағы не пісіреді?	-Бидай тұқымнан өсіп шығады. -Астық. Балалар суреттегі бағдаршамен көрсетілген тұқымнан нанға дейінгі өсіп жетілу кезеңін атайды. Тұқым-жас өнім-бидай-астық-ұн-наубайхана-нан. -тракторшы,диқан, дирменші,комбайншы. Балалар суреттерді атайды. -арпа,жүгері,күріш,бидай, қара бидай,тары,сұлы. -дәнді дақылдар. -бидай,қарабидай. -балалар аналары пісіретін нан түрлерін атайды.
III кезең-рефлексивті түзету	-Нан қандай ас? -Нанды қалай қастерлейді? Сұрақ-жауап арқылы сабақты бекіту. Сабққа белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау.	-адал дос. -нанды баспайды,жерге тастамайды,қолын жумай ұстамайды.

Күтілетін нәтиже:

Заттарды бір-бірімен топтастыруды **ұғынады**

Ыдыстарды ажыратуды **түсінеді**

Дәстархан әзірлеу үшін шәй ыдыстарды **қолданады**

